| ING Bank NV | 250 миллион АҚШ доллары | 2022 | COF[3] (1,95%) + 2,00% | **35.254** | 24.034 |
| ҚДБ | 843,6 миллион АҚШ доллары | 2023 жыл | 10,99% | **27.287** | 34.138 |
| Халық Банкі | 100 миллион АҚШ доллары[2] | 2024 жыл | 5,00% (АҚШ доллары), 16,00% (Теңге) | **27.135** | 43.302 |
| Bank of Tokyo-Mitsubishi UFJ, Ltd (Лондондық филиал) | 150 миллион АҚШ доллары | 2022 жыл | COF (1,60%) + 1,70% | **25.541** | 22.385 |
| Credit Agricole | 250 миллион АҚШ доллары | 2022 жыл | COF (1,72%) + 2,00% | **3.362** | 21.533 |
| The Export-Import Bank of China (Eximbank) | 1,13 миллиард АҚШ доллары | 2026 жыл | 6M Libor + 4,10% | **–** | 242.555 |
| Басқалары | – | – | – | **51.560** | 46.173 |
| **Жиыны** | | | | **985.567** | 1.040.128 |

[1] *75 миллион АҚШ доллары жаңартылатын несие желісі.*

[2] *Жаңартылатын несие желісі.*

[3] *Cost of funding.*

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)

## 20. ҚАРЫЗДАР (жалғасы)

Орналастырылған облигациялардың баланстық құнының 2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдың ішінде ұлғаюы Лондонның Қор Биржасында (бұдан әрі - «ЛҚБ») орналастырылған және 238.139 миллион теңге мөлшерінде АҚШ долларында деноминацияланған облигацияларға шетел валюталарының айырбастау бағамының ықпалымен байланысты болды.

2022 жылғы қаңтарда «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС (бұдан әрі - «АМӨЗ»), сыйақыны қоса, Eximbank-тен 604 миллион АҚШ доллары сомасына (баламасы 259.459 миллион теңге) алған қарызды толық мерзімінен бұрын өтеді. Өтеу үшін 2021 жылғы қарашада резервтелген ақша қаражаты пайдаланылды *(18-ескертпе)*.

2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдың ішінде КМГИ айналым капиталын қаржыландыру үшін 126 миллион АҚШ доллары сомасында (баламасы 56.555 миллион теңге) синдикатталған қарыз алды.

2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдың ішінде Ресей рублімен деноминацияланған ВТБ Банк (ЖАҚ) қарызының баланстық құнының ұлғаюы 123.988 миллион теңге сомасындағы айырбас бағамының ықпалына байланысты.

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)

## 20. ҚАРЫЗДАР (жалғасы)

30 маусымда аяқталған алты айда қаржылық қызметтің нәтижесінде туындайтын міндеттемелердегі өзгерістер

| | 2022 жыл | | | | 2021 жылғы | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| *Миллион теңгемен* | Қысқа мерзімді қарыздар | Ұзақ мерзімді қарыздар | Облигация-лар | Жиыны | Қысқа мерзімді қарыздар | Ұзақ мерзімді қарыздар | Облигациялар | Жиыны |
| **1 қаңтарға сальдо (аудит жүргізілген)** | **162.772** | **877.356** | **2.706.199** | **3.746.327** | 184.370 | 916.265 | 2.977.813 | 4.078.448 |
| Ақша қаражатымен алынды | **26.576** | **81.884** | **–** | **108.460** | 110.159 | 55.774 | – | 165.933 |
| Негізгі борышты ақша қаражатымен төлеу | **(54.184)** | **(20.384)** | **(520)** | **(75.088)** | (46.300) | (115.233) | (6.287) | (167.820) |
| Резервтелген ақша қаражатының есебінен негізгі борыш пен сыйақыларды төлеу | **–** | **(259.459)** | **–** | **(259.459)** | – | – | – | – |
| Есептелген сыйақы | **4.472** | **38.086** | **77.440** | **119.998** | 4.654 | 32.743 | 80.879 | 118.276 |
| Қарыздың мерзімінен бұрын өтелуі үшін комиссия *(13-ескертпе)* | **–** | **4.498** | **–** | **4.498** | – | – | – | – |
| Қарызды мерзімінен бұрын өтеумен байланысты шығындарды есептен шығару*(13-ескертпе)* | **–** | **13.035** | **–** | **13.035** | – | – | – | – |
| Төленген сыйақы | **(4.547)** | **(30.046)** | **(74.988)** | **(109.581)** | (4.532) | (27.141) | (106.340) | (138.013) |
| Есептілік валютасын қайта есептеу | **9.787** | **13.056** | **233.582** | **256.425** | 2.845 | 1.715 | 43.956 | 48.516 |
| Бағамдық айырма бойынша залал | **262** | **123.631** | **7.417** | **131.310** | 472 | 8.573 | 5.991 | 15.036 |
| Басқалары | **–** | **(1.228)** | **–** | **(1.228)** | – | (192) | – | (192) |
| **30 маусымға сальдо (аудит жүргізілмеген)** | **145.138** | **840.429** | **2.949.130** | **3.934.697** | 251.668 | 872.504 | 2.996.012 | 4.120.184 |
| Ағымдағы бөлік | **145.138** | **172.287** | **38.560** | **355.985** | 251.668 | 171.423 | 44.678 | 467.769 |
| Ұзақ мерзімді бөлік | **–** | **668.142** | **2.910.570** | **3.578.712** | – | 701.081 | 2.951.334 | 3.652.415 |

** Төленген сыйақы операциялық қызметтен түскен ақша ағындары ретінде ақша қаражатының қозғалысы туралы есепте көрсетілген.*

### Ковенанттар

Топ несие келісімдерінің талаптары бойынша қаржы және қаржылық емес көрсеткіштердің орындалуын қамтамасыз етуі тиіс. 2022 жылғы 30 маусымдағы және 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай Топ қаржы және қаржылық емес көрсеткіштерді орындайды.

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)

## 20. ҚАРЫЗДАР (жалғасы)

### Шетелдік функционалдық валютамен таза инвестицияларды хеджирлеу

2022 жылғы 30 маусымға АҚШ долларында көрсетілген кейбір қарыздар Топтың АҚШ долларына қатысты валюталық тәуекелге ұшырағыштығын хеджирлеу үшін шетелдік бөлімшелерге таза инвестицияларды хеджирлеу құралдары ретінде айқындалды. 2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда 233.582 миллион теңге мөлшеріндегі бағамдық айырмадан болған залал (2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда: 43.956 миллион теңге мөлшерінде бағамдық айырмадан болған залал) басқа да жиынтық кірістің құрамына қайта жіктеліп, шетелдік бөлімшелерді қайта есептеуден болған кіріске немесе залалға қарсы есепке алынды.

Хеджирлеу объектісі мен хеджирлеу құралы арасында экономикалық өзара байланыс бар, өйткені таза инвестиция валюталық тәуекелді тудырады, әрі ол АҚШ долларындағы несие бойынша валюталық тәуекелге сайма-сай келеді. Топ 1:1 хеджирлеу коэффициентін белгіледі, өйткені хеджирлеу құралының базалық тәуекелі хеджирленетін тәуекелдің құрамдасына ұқсас келеді. Хеджирлеудің тиімсіздігі шетелдік еншілес компанияға салынған инвестициялардың сомасы тиянақталған мөлшерлемесі бар алынған қарыздардың сомасына қарағанда аз болғанда туындайды. 2022 жылғы 30 маусым мен 2021 жылғы 31 желтоқсанға хеджднің тиімсіз бөліктері болмады.

## 21. САУДА КРЕДИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК ЖӘНЕ БАСҚА ДА ҚАРЖЫЛЫҚ ӘРІ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕМЕС МІНДЕТТЕМЕЛЕР

| *Миллион теңгемен* | **2022 жылғы 30 маусымға (аудит жүргізілмеген)** | 2021 жылғы 31 желтоқсанға (аудит жүргізілген) |
|---|---|---|
| **Сауда кредиторлық берешек** | **870.116** | 519.201 |
| | | |
| **Басқа да қаржылық міндеттемелер** | | |
| Қызметкерлердің алдындағы берешек | **55.967** | 44.401 |
| Басқа да кредиторлық берешек | **20.889** | 16.446 |
| Туынды қаржы құралдары | **29.405** | 2.127 |
| Басқалары | **22.167** | 22.172 |
| | **128.428** | 85.146 |
| | | |
| Қысқа мерзімді бөлік | **112.762** | 69.231 |
| Ұзақ мерзімді бөлік | **15.666** | 15.915 |
| | | |
| **Басқа да қаржылық емес міндеттемелер** | | |
| Шарттық міндеттемелер | **157.468** | 154.696 |
| Басқалары | **23.226** | 18.802 |
| | **180.694** | 173.498 |
| | | |
| Қысқа мерзімді бөлік | **143.134** | 134.269 |
| Ұзақ мерзімді бөлік | **37.560** | 39.229 |

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)

## 21. САУДА КРЕДИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК ЖӘНЕ БАСҚА ДА ҚАРЖЫЛЫҚ ӘРІ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕМЕС МІНДЕТТЕМЕЛЕР (жалғасы)

2022 жылғы 30 маусымдағы және 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша сауда кредиторлық берешек мына валюталарда білдірілген:

| *Миллион теңгемен* | **2022 жылғы 30 маусымға (аудит жүргізілмеген)** | 2021 жылғы 31 желтоқсанға (аудит жүргізілген) |
|---|---|---|
| АҚШ доллары | **704.136** | 351.383 |
| Теңге | **70.000** | 83.705 |
| Румын леясы | **59.149** | 71.932 |
| Еуро | **31.745** | 3.381 |
| Басқа валюталар | **5.086** | 8.800 |
| **Жиыны** | **870.116** | 519.201 |

2022 жылғы 30 маусымдағы және 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша сауда кредиторлық берешек және басқа да ағымдағы қаржылық міндеттемелер бойынша пайыздар есептелген жоқ.

## 22. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАР ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ АШЫП КӨРСЕТУ

### Байланысты тараптармен операциялардың талаптары

Байланысты тараптармен мәмілелер байланысты және үшінші тараптар үшін ұсынылатын тарифтердің негізінде ұсынылған кейбір реттелетін қызметтерді қоспағанда, нарық мөлшерлемелеріне міндетті түрде сәйкес келмейтін тараптардың арасында келісілген талаптарда жүзеге асырылды. Өтелмеген қалдықтар негізінен қамтамасыз етілмеген және пайызсыз болып табылады, ал есеп айырысулар ақша қаражатымен жасалады. Топ байланысты тараптардан болған берешек бойынша күтілетін несиелік зиян резервтерін таниды.

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)

## 22. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАР ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ АШЫП КӨРСЕТУ (жалғасы)

**Есеп айырысулар бойынша қалдықтар**

Келесі кестеде 2022 жылғы 30 маусымдағы және 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша байланысқан тараптармен жасалған мәмілелердің жалпы сомасы көрсетілген:

| *Миллион теңгемен* | Жағдай бойынша | Байланысты тараптардың берешегі | Байланысты тараптарға берешек | Байланысты тараптардың ақшасы мен шоттарындағы депозиттер | Байланысты тараптарға берілген қарыздар бойынша берешек |
|---|---|---|---|---|---|
| Самұрық-Қазынаға кіретін компаниялар | **2022 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)** | **457.284** | **1.645** | **–** | **35.449** |
| | 2021 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген) | 497.242 | 1.074 | – | 33.123 |
| Қауымдасқан компаниялар | **2022 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)** | **78.400** | **2.679** | **–** | **–** |
| | 2021 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген) | 12.249 | 3.009 | – | – |
| Мемлекет бақылайтын басқа да тараптар | **2022 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)** | **1.300** | **428** | **94.366** | **137.172** |
| | 2021 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген) | 2.349 | 638 | 86.481 | 153.381 |
| Бірлескен кәсіпорындар | **2022 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)** | **172.534** | **341.779** | **–** | **–** |
| | 2021 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген) | 166.869 | 170.923 | – | – |

**Байланысты тараптардың/тараптарға берешегі**

*Қауымдасқан компаниялар*

2022 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша қауымдасқан компаниялар берешегінің ұлғаюы негізінен «Каспий Құбыр Консорциумы» АҚ-нан 143 миллион АҚШ доллары (баламасы 67.175 миллион теңге) сомасына есептелген дивидендтермен білдірілген.

*Бірлескен кәсіпорындар*

2022 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша, бірлескен кәсіпорындар алдындағы берешек, негізінен, «Теңізшевройл» ЖШС-не 294.602 миллион теңге сомаға шикі мұнайды жеткізгені үшін кредиторлық берешекпен білдірілген.

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)

## 22. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАР ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ АШУ (жалғасы)

### Мәмілелер бойынша айналымдар

Келесі кестеде байланысты тараптармен 2022 және 2021 жылдардың 30 маусымында аяқталған алты айдың ішінде жасалған мәмілелер бойынша жалпы сомалар келтірілген:

| *Миллион теңгемен* | 30 маусымда аяқталған алты айдың ішінде | Байланысты тараптарға сату | Байланысты тараптардан сатып алу | Байланысты тараптардан түскен сыйақы | Байланысты тараптарға берілген сыйақы |
|---|---|---|---|---|---|
| Самұрық-Қазынаға кіретін компаниялар | **2022 жылғы (аудит жүргізілмеген)** | **4.812** | **5.356** | **25.209** | **800** |
| | 2021 жылғы (аудит жүргізілмеген) | 10.096 | 7.338 | 17.345 | 975 |
| Қауымдасқан компаниялар | **2022 жылғы (аудит жүргізілмеген)** | **12.414** | **17.341** | **122** | **–** |
| | 2021 жылғы (аудит жүргізілмеген) | 43.735 | 17.377 | 4.501 | – |
| Мемлекет бақылайтын басқа да тараптар | **2022 жылғы (аудит жүргізілмеген)** | **7.782** | **9.224** | **158** | **8.049** |
| | 2021 жылғы (аудит жүргізілмеген) | 17.827 | 6.975 | 162 | 11.695 |
| Бірлескен кәсіпорындар | **2022 жылғы (аудит жүргізілмеген)** | **101.901** | **1.153.273** | **5.492** | **3** |
| | 2021 жылғы (аудит жүргізілмеген) | 196.296 | 819.354 | 12.123 | 354 |

### Негізгі басқарушы персоналға төленетін сыйақы

2022 және 2021 жылдардың 30 маусымында аяқталған алты айда жалпы және әкімшілік шығыстарға қосылған негізгі басқарушы персоналға (Директорлар кеңесі мен Топ Басқармасының мүшелері) тиесілі жалпы сыйақы сомасы тиісінше 3.072 миллион теңгені және 3.189 миллион теңгені құрайды. Негізгі басқарушы персоналға тиесілі сыйақы келісімшарттарда белгіленген жалақы бойынша шығыстардан және қызметтің нәтижелері бойынша сыйлықақылардан тұрады.

### Дивидендтер

2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдың ішінде Самұрық-Қазына мен ҚР Ұлттық Банкінің шешіміне сәйкес Компания 199.997 миллион теңге жалпы сомаға бір акцияға 327,80 теңге мөлшерінде 2021 жыл үшін дивидендтерді есептеп, төледі (2021 жыл: Компания 49.999 миллион теңге жалпы сомаға бір акцияға 81,95 теңге мөлшерінде 2020 жыл үшін дивидендтерді есептеп, төледі).

### Самұрық-Қазынаның бөлуі

2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдың ішінде Топ Үкіметтің Жаңаөзен қаласында медициналық орталық салу және Жаңаөзен қаласының тұрғындарын тұрғын үймен қамтамасыз ету жөніндегі қаулысына сәйкес 9.690 миллион теңге сомасында міндеттемелерді есептеді және оны капиталдағы Самұрық-Қазынаны бөлу ретінде көрсетті.

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)

## 23. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ

### Қаржы құралдарының әділ құны

2022 жылғы 30 маусымдағы және 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың қаржы құралдарының баланстық құнын, төменде ашылып көрсетілген қаржы құралдарын қоспағанда, шамамен олардың әділ құнымен салыстыруға болады:

| | **2022 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)** | | | | | 2021 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген) | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | **Бағалау деңгейлері бойынша әділ құны** | | | | | Бағалау деңгейлері бойынша әділ құны | | |
| *Миллион теңгемен* | **Ағымдағы құны** | **Әділ құны** | **1-деңгей** | **2-деңгей** | **3-деңгей** | Ағымдағы құны | Әділ құны | 1-деңгей | 2-деңгей | 3-деңгей |
| Самұрық-Қазынадан алынатын облигациялар | **18.682** | **20.030** | **–** | **20.030** | **–** | 18.373 | 16.925 | – | 16.925 | – |
| Амортизацияланған құны бойынша байланысты тараптарға берілген қарыздар | **438.819** | **431.657** | **–** | **399.041** | **32.616** | 474.875 | 472.528 | – | 448.658 | 23.870 |
| Сыйақының тіркелген мөлшерлемесі бар қарыздар | **3.249.935** | **2.784.871** | **2.469.502** | **315.369** | **–** | 3.041.001 | 3.556.705 | 3.210.632 | 346.073 | – |
| Сыйақының өзгермелі мөлшерлемесі бар қарыздар | **684.762** | **684.762** | **–** | **684.762** | **–** | 705.326 | 755.347 | – | 755.347 | – |

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)

## 23. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ (жалғасы)

**Қаржы құралдарының әділ құны (жалғасы)**

Самұрық-Қазынадан алынуға жататын облигациялардың әділ құны және басқа да борыштық құралдар нарықтық пайыздық мөлшерлемелер бойынша күтілетін келешек ақша ағындарын дисконттау арқылы есептелген.

Соларға қатысты әділ құны танылатын немесе ашылып көрсетілетін барлық қаржы құралдары жалпы әділ құнды бағалау үшін маңызды болып табылатын ең төмен деңгейдегі деректердің негізінде әділ құн иерархиясында былайша жіктеледі:

- 1-деңгей - ұқсас келетін активтер немесе міндеттемелер үшін белсенді нарықтарда бағасы белгіленетін (түзетілмеген) нарықтық бағалар;
- 2-деңгей – солар үшін әділ құнды бағалау үшін маңызды болып табылатын ең төмен деңгейдегі бастапқы деректер тікелей немесе жанама байқалатын бағалау әдістері;
- 3-деңгей – солар үшін әділ құнды бағалау үшін маңызды болып табылатын ең төмен деңгейдегі бастапқы деректер байқалмайтын бағалау әдістері.

Есепті кезең ішінде 1-деңгей мен 2-деңгей арасында ешқандай аударымдар болған жоқ, сондай-ақ 3-деңгейге немесе одан ауысулар жасалған жоқ.

Әділ құны бойынша тұрақты негізде танылатын активтер мен міндеттемелер үшін, Топ оларды әрбір есепті кезеңнің соңына санаттар бойынша қайта бағалау арқылы (жалпы әділ құны бойынша бағалау үшін маңызды болып табылатын ең төмен деңгейдегі кіріс деректерінің негізінде) иерархияның деңгейлері арасында аудару болғанын айқындайды. 2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдың ішінде Топты бағалау процестерінде, бағалау әдістері мен әділ құнды бағалау кезінде қолданылатын бастапқы деректердің типтерінде ешқандай өзгерістер болған жоқ.

Төменде әділ құн иерархиясының 3-ші деңгейіне жатқызылған әділ құнды бағалау үшін пайдаланылатын елеулі бақыланбайтын бастапқы деректер көрсетілген:

| | | | Диапазоны | |
|---|---|---|---|---|
| | **Үлестік бағалау әдісі** | **Айтарлықтай бақыланбайтын бастапқы деректер** | **2022 жылғы 30 маусымға (аудит жүргізілмеген)** | 2021 жылғы 31 желтоқсанға (аудит жүргізілген) |
| Амортизацияланған құны бойынша байланысты тараптарға берілген қарыздар | Ақша ағындарын дисконттау әдісі | Дисконттау мөлшерлемесі мен пайыздық мөлшерлеме | **5,1-15,7%** | 4,1-11,5% |

## 24. ШАРТТЫҚ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігінде ашылып көрсетілген шарттық және шартты міндеттемелерге қосымша 2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдың ішінде мынадай өзгерістер болды:

**КМГИ-де азаматтық қараушылық**

Faber Invest & Trade Inc. (бұдан әрі – «Faber»), КМГИ еншілес компанияларында бақыланбайтын қатысу үлестерінің иесі, 2020 жылы бірнеше алдыңғы азаматтық істер бойынша істердің қаралуын жаңғыртты, солардың бірі КМГИ еншілес компаниясы Rompetrol Rafinare Constanta-ның жарғылық капиталының 2003-2005 жылдары ұлғаюын даулады. Істің тыңдалуы мерзімді негізді болды, бірақ түпкі шешім шығарылмады. 2021 жылғы 13 шілдеде сот Faber-дің шағымын қараудан бас тартты. Алайда, Faber сот шешіміне шағымын қайталап берді. 2021 жылғы желтоқсанда өткен тыңдаудың нәтижелері бойынша сот шағымды қанағаттандырып, істі қайта қарауға қайтарып берді. Екі Faber сот ісін Жоғарғы Сот 2022 жылдың 13 сәуірінде және 2022 жылдың 4 мамырында қабылдамады. Істің келесі тыңдалуы 2022 жылғы қыркүйекте күтілуде.

Топ оның Faber жаңа өтінішіне қатысты позициясы 2020 жылы Топ пайдасына шешілген басқа да ұқсас сот істері сияқты шешіледі деп есептейді. Сәйкесінше, Топ 2022 жылғы 30 маусымға бұл іс бойынша резервті мойындамады.

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)

## 24. ШАРТТЫҚ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (жалғасы)

**АМӨЗ-ге 2016-2020 жылдары кешенді салықтық тексеру**

2022 жылғы 1 желтоқсанда «Павлодар мұнай химия зауыты» (бұдан әрі - «ПМХЗ») 2016-2020 жылдар үшін кешенді салықтық тексеру нәтижелерін алды, соған сай ҚҚС бойынша қосымша есептеулер сомасы, өсімпұлды қоса алғанда, 15.290 миллион теңге болды, КТС бойынша 2.772 миллион теңге, басқа салықтар бойынша 255 миллион теңге, сондай-ақ ауыстырылатын шығындардың азаю сомасы 15.579 миллион теңге болды. ПМХЗ салықтық тексеру нәтижелерімен келіспеді және 2022 жылғы 15 сәуірде ҚР Қаржы министрлігіне тиісті шағымын жіберді. 2022 жылғы мамырда шағымдардың қаралуын ҚР Қаржы министрлігі жағдайларды анықтағанға дейін тоқтата тұрды. Топ салықтарды қосымша есептеу тәуекелі төмен болып табылады деп есептейді және, тиісінше, 2022 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша бұл тексеру бойынша резервті мойындамады.

**Өтелетін шығындарды тексеру**

2022 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Топтың дауланатын шығындардағы үлесі, Топтың бірлескен кәсіпорын міндеттемелеріндегі үлесін қоса алғанда, 1.231 миллион АҚШ долларын құрады (есепті күнге баламасы 579.193 миллион теңге) (2021 жылғы 31 желтоқсанға: 1.177 миллион АҚШ доллары, есепті күнге баламасы 508.180 миллион теңге).

**Ішкі нарыққа жеткізу міндеттемелері**

2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда өз міндеттемелеріне сәйкес Топ, оның бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың жеткізуіндегі үлесін қоса алғанда, ішкі нарыққа 4.030 мың тонна шикі мұнайды (2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда: 3.396 мың тонна) жеткізді.

**Жер қойнауын пайдалануға лицензиялар мен келісім-шарттар бойынша міндеттемелер**

2022 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Топтың бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияның міндеттемелеріндегі үлесін қоса алғанда, Топтың лицензиялардың, өнімді бөлу туралы келісімдер мен Үкіметпен жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттардың талаптарына сәйкес ең аз жұмыс бағдарламаларын орындауға қатысты келесі міндеттемелері болды:

| *Миллион теңгемен* | Күрделі шығыстар | Операциялық шығыстар |
|---|---|---|
| **Жыл** | | |
| 2022 | 179.505 | 14.477 |
| 2023 | 110.943 | 4.310 |
| 2024 | 32.408 | 4.324 |
| 2025 | 14.217 | 4.275 |
| 2026-2048 | 3.038 | 21.957 |
| **Жиыны** | **340.111** | **49.343** |

**Шикі мұнайды жеткізу міндеттемелері**

2022 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша бірлескен кәсіпорын КМГ Кашаган Б.В. мұнайды жеткізу шарттары бойынша міндеттемелері 3,7 миллион тонна болды (2021 жылғы 31 желтоқсан: 4,3 миллион тонна).

**Басқа да келісімшарттық міндеттемелер**

2022 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Топтың бірлескен кәсіпорындардың міндеттемелеріндегі үлесін қоса алғанда, Топтың жалпы сомасы ҚҚС сомасын ескерместен 186.935 миллион теңге (2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша: ҚҚС сомасын ескерместен 148.590 миллион теңге) болатын ұзақ мерзімді активтерді сатып алу және салу бойынша басқа да шарттық міндеттемелері болды.

2022 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Топтың ҚР Энергетика министрлігі мен ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитеті бекіткен және өндірістік объектілерді кеңейтуге бағытталған инвестициялық бағдарламалардың шеңберінде 169.073 миллион теңге (2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша: 184.455 миллион теңге) жалпы сомада міндеттемелері болды.

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)

## 25. СЕГМЕНТТІК ЕСЕПТІЛІК

Топтың операциялық сегменттері өндірілетін өнім мен көрсетілетін қызметтердің түрлеріне сәйкес келетін бөлек құрылымдар мен басқаруды қамтиды. Барлық сегменттер түрлі нарықтарда өнім мен қызметтердің әр түрлерін ұсынатын бизнестің стратегиялық бағыттарын білдіреді. Функциялар а) содан кірістер мен шығыстар болатын қызметті жүзеге асыратын; б) операциялық нәтижелерін ресурстардың бөлінуіне қатысты операциялық шешімдер қабылдайтын Топ басшылығы саралап отыратын операциялық сегменттер ретінде айқындалады.

Топ қызметі негізгі төрт операциялық сегментті қамтиды: мұнай мен газды барлау және өндіру, мұнайды тасымалдау және шикі мұнай мен мұнай өнімдерін қайта өңдеу және өткізу. Топ Компанияның қызметін «Корпоративтік орталық» операциялық сегментке бөліп көрсетуде, өйткені Компания тек бас компанияның функцияларын ғана орындап қана қоймай, сондай-ақ операциялық қызметті де жүзеге асырады. Қалған операциялық сегменттер біріктіріліп, олардың елеусіз болуына орай басқалары ретінде көрсетілген.

Тауарлар мен қызметтер түрлері бойынша түсімді бөлу амалы осы қаржылық есептіліктің *6-ескертпеде* көрсетілген.

2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдың ішінде, *«Шикі мұнайды мен газды сату»* және *«Мұнай өнімдерін сату»* бойынша түсім, негізінен, келесі операциялық сегменттермен жүзеге асырылатын үшінші тараптарға сатуларды білдіреді:

| | **Тауарлар мен қызметтердің түрі 30 маусымда аяқталған алты ай үшін** | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **2022 жылғы (аудит жүргізілмеген)** | | 2021 жылғы (аудит жүргізілмеген) | |
| *Миллион теңгемен* | **Шикі мұнай мен газды сату** | **Мұнай өнімдерін сату** | Шикі мұнай мен газды сату | Мұнай өнімдерін сату |
| **Сегменттер** | | | | |
| Шикі мұнайды және мұнай өнімдерін қайта өңдеу әрі өткізу | **2.386.316** | **1.135.412** | 1.382.482 | 719.496 |
| Корпоративтік орталық | **–** | **356.206** | – | 249.384 |
| Мұнай мен газды барлау және өндіру | **–** | **2.038** | – | 1.659 |
| Басқалары | **–** | **5.237** | – | 5.092 |
| | **2.386.316** | **1.498.893** | 1.382.482 | 975.631 |

Сегмент қызметінің нәтижелері түсімнің, таза пайда мен EBITDA көрсеткішінің негізінде бағаланады, олар шоғырландырылған қаржылық есептіліктегідей дәл сондай негізде өлшенеді.

EBITDA көрсеткіші басшылық сегменттердің тиімділігін бағалау үшін пайдаланатын, ХҚЕС-пен реттелмейтін қосымша қаржылық көрсеткіш болып табылады және тозуды, таусылуды және амортизацияны, негізгі құралдардың, материалдық емес активтердің және барлау әрі бағалау бойынша активтердің, сатуға арналған деп жіктелген активтердің құнсызздануын, барлау шығыстарын, бірлескен кәсіпорын мен қауымдасқан компанияға инвестициялардың құнсызздануын, қаржылық кірістер мен шығыстарды және табыс салығы бойынша шығыстарды есептен шығарғанға дейінгі пайда ретінде айқындалады.

EBITDA жалпы EBITDA-ға қатысты белгілі бір сегменттің EBITDA-сы ретінде айқындалады.

### Географиялық ақпарат

Топтың негізгі құралдары келесі елдерде орналасқан:

| *Миллион теңгемен* | **2022 жылғы 30 маусымға (аудит жүргізілмеген)** | 2021 жылғы 31 желтоқсанға (аудит жүргізілген) |
|---|---|---|
| Қазақстан | **2.828.181** | 2.782.481 |
| Басқа елдер | **668.739** | 623.499 |
| | **3.496.920** | 3.405.980 |

Төмендегі кестелерде көрсетілген түзетулер мен элиминирлеу топішілік айналымдарды алып тастауды білдіреді. Сегментаралық операциялар сегменттер арасында келісілген талаптарда жасалды, әрі олар, байланысты және үшінші тараптарға қолжетімді болатын белгілі бір реттелетін қызметтерді қоспағанда, нарықтық мөлшерлемелер бойынша міндетті түрде сәйкес келе бермейді.

## АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)

### 25. СЕГМЕНТТІК ЕСЕПТІЛІК (жалғасы)

Төмендегі кестеде 2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін пайда немесе зиян туралы ақпарат, сондай-ақ Топтың операциялық сегменттері бойынша 2022 жылғы 30 маусымдағы активтері мен міндеттемелері туралы ақпарат көрсетілген:

| *Миллион теңгемен* | Мұнай мен газды барлау және өндіру | Мұнайды тасымалдау | Шикі мұнай мен мұнай өнімдерін қайта өңдеу және өткізу | Корпоративтік орталық | Басқалары | Түзетулер және элиминациялар | Жиыны |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Сыртқы клиенттерге сатудан түсім | 1.216 | 103.411 | 3.684.120 | 357.059 | 57.344 | – | 4.203.150 |
| Басқа сегменттерге сатудан түсім | 747.037 | 67.896 | 77.688 | 45.690 | 45.942 | (984.253) | – |
| **Түсім жиыны** | 748.253 | 171.307 | 3.761.808 | 402.749 | 103.286 | (984.253) | 4.203.150 |
| Сатып алынған мұнайдың, газдың, мұнай өнімдері мен басқа да материалдардың өзіндік құны | (14.700) | (7.996) | (3.328.167) | (189.475) | (13.850) | 736.230 | (2.817.958) |
| Өндірістік шығыстар | (198.354) | (91.280) | (187.902) | (93.452) | (94.492) | 183.274 | (482.206) |
| Табыс салығынан басқа салықтар | (232.125) | (8.175) | (7.191) | (39.207) | (4.473) | – | (291.171) |
| Тасымалдау және өткізу шығыстары | (53.316) | (9.309) | (34.249) | (4.588) | – | 31.651 | (69.811) |
| Жалпы және әкімшілік шығыстар | (15.979) | (6.658) | (22.028) | (11.991) | (11.293) | 1.156 | (66.793) |
| Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың табысындағы үлес, нетто | 552.870 | 73.978 | 10.146 | – | 6.554 | – | 643.548 |
| EBITDA | 786.649 | 121.867 | 192.417 | 64.036 | (14.268) | (31.942) | 1.118.759 |
| EBITDA, % | 70% | 11% | 17% | 6% | (1%) | (3%) | |
| Тозу, тауысылу және амортизация | (65.151) | (22.260) | (69.949) | (1.559) | (4.497) | – | (163.416) |
| Қаржылық кіріс | 38.058 | 1.158 | 6.341 | 70.761 | 5.117 | (68.533) | 52.902 |
| Қаржылық шығындар | (10.382) | (3.701) | (72.414) | (112.882) | (2.499) | 48.517 | (153.361) |
| Негізгі құралдардың, барлау және бағалау активтерінің, материалдық емес активтер мен сатуға арналған деп жіктелген активтердің құнсыздануы/(құнсыздануын қалпына келтіру) | 18 | (20) | 3 | – | 629 | – | 630 |
| Пайда салығы бойынша шығыстар | (118.781) | (14.079) | 9.626 | (10.574) | (792) | – | (134.600) |
| **Жалғасып отырған қызметтен болған бір жылғы пайда / (зиян)** | 568.650 | 22.018 | (57.893) | 211.695 | (17.740) | (49.770) | 676.960 |
| **Басқа да сегменттік ақпарат** | | | | | | | |
| Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға инвестициялар | 6.856.486 | 564.548 | 58.774 | – | 85.033 | – | 7.564.841 |
| Күрделі шығындар | 86.110 | 33.925 | 33.028 | 2.986 | 7.571 | – | 163.620 |
| Өтпейтін ТМҚ, сауда дебиторлық берешек, байланысты тараптардан қарыздар мен дебиторлық берешек, басқа да қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша күтілетін несиелік зиян резервтері және басқа да қысқа мерзімді қаржылық емес активтердің құнсыздану резерві | (4.884) | (10.663) | (54.334) | (29.655) | (9.398) | – | (108.934) |
| **Сегмент активтері** | 9.735.894 | 1.286.291 | 3.394.215 | 1.696.717 | 337.183 | (1.239.912) | 15.210.388 |
| **Сегмент міндеттемелері** | 1.036.688 | 235.994 | 2.384.057 | 3.682.393 | 111.998 | (1.167.001) | 6.284.129 |

## АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)

### 25. СЕГМЕНТТІК ЕСЕПТІЛІК (жалғасы)

Төмендегі кестеде 2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін пайда немесе зиян туралы ақпарат, сондай-ақ Топтың операциялық сегменттері бойынша 2021 жылғы 31 желтоқсандағы активтері мен міндеттемелері туралы ақпарат көрсетілген:

| *Миллион теңгемен* | Мұнай мен газды барлау және өндіру | Мұнайды тасымалдау | Шикі мұнай мен мұнай өнімдерін қайта өңдеу және өткізу | Корпоративтік орталық | Басқалары | Түзетулер және элиминациялар | Жиыны |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Сыртқы клиенттерге сатудан түсім* | 3.276 | 98.917 | 2.263.000 | 249.495 | 57.340 | – | 2.672.028 |
| Басқа сегменттерге сатудан түсім* | 572.263 | 38.620 | 75.376 | 19.282 | 39.734 | (745.275) | – |
| **Түсімдердің жиыны*** | 575.539 | 137.537 | 2.338.376 | 268.777 | 97.074 | (745.275) | 2.672.028 |
| Сатып алынған мұнайдың, газдың, мұнай өнімдері мен басқа да материалдардың өзіндік құны* | (14.210) | (6.346) | (2.042.997) | (113.700) | (13.311) | 569.439 | (1.621.125) |
| Өндірістік шығыстар* | (147.441) | (50.876) | (86.349) | (79.228) | (72.571) | 123.649 | (312.816) |
| Табыс салығынан басқа салықтар* | (153.669) | (6.281) | (7.245) | (19.185) | (3.538) | – | (189.918) |
| Тасымалдау және өткізу шығыстары* | (52.555) | (3.676) | (32.238) | (5.005) | (10) | 27.932 | (65.552) |
| Жалпы және әкімшілік шығыстар* | (13.467) | (9.523) | (16.006) | (7.834) | (9.722) | (527) | (57.079) |
| Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың табысындағы үлес, нетто* | 264.038 | 47.140 | 6.025 | – | 6.962 | – | 324.165 |
| **EBITDA*** | 458.235 | 107.975 | 159.566 | 43.825 | 4.884 | (24.782) | 749.703 |
| **EBITDA, %*** | 61% | 14% | 21% | 6% | 1% | (3%) | |
| Тозу, тауысылу және амортизация* | (62.456) | (20.416) | (70.527) | (1.541) | (5.142) | – | (160.082) |
| Қаржылық кіріс* | 32.815 | 2.482 | 3.283 | 84.385 | 4.262 | (92.582) | 34.645 |
| Қаржылық шығындар* | (9.670) | (2.522) | (40.647) | (103.274) | (2.392) | 42.681 | (115.824) |
| Негізгі құралдардың, барлау және бағалау активтерінің, материалдық емес активтер мен сатуға арналған деп жіктелген активтердің құнсызлануын қалпына келтіру* | 3 | – | – | – | (3.761) | – | (3.758) |
| Барлау шығыстары | (19.800) | – | – | – | – | – | (19.800) |
| Пайда салығы бойынша шығыстар* | (77.295) | (9.110) | (12.893) | (6.023) | (764) | – | (106.085) |
| **Жалғасып отырған қызметтен болған бір жылғы пайда / (залал)*** | 315.409 | 10.965 | 39.372 | 99.480 | (3.463) | (72.075) | 389.688 |
| **Басқа да сегменттік ақпарат** | | | | | | | |
| Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға инвестициялар | 5.904.568 | 523.747 | 47.395 | – | 74.674 | – | 6.550.384 |
| Күрделі шығындар | 72.537 | 40.676 | 11.607 | 4.561 | 7.352 | 29.772 | 166.505 |
| Өтпейтін ТМҚ, сауда дебиторлық берешек, байланысты тараптардан қарыздар мен дебиторлық берешек, басқа да қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша күтілетін несиелік зиян резервтері және басқа да қысқа мерзімді қаржылық емес активтердің құнсыздану резерві | (4.854) | (9.686) | (40.898) | (28.518) | (9.023) | – | (92.979) |
| **Сегмент активтері** | 8.624.757 | 1.213.613 | 3.000.106 | 1.580.623 | 322.008 | (1.088.846) | 13.652.261 |
| **Сегмент міндеттемелері** | 868.902 | 216.809 | 1.994.289 | 3.378.313 | 100.458 | (1.065.191) | 5.493.580 |

** Осы жолда келтірілген кейбір сомалар 2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі сомаларға сәйкес келмейді, өйткені түзетулерді көрсетеді, олар туралы толық ақпарат 4-ескертпеде келтірілген.*

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)

## 26. ЕСЕПТІ КЕЗЕҢНЕН КЕЙІНГІ ОҚИҒАЛАР

### Алынған дивидендтер

2022 жылдың шілде және тамыз айларында Топ «Қазақстан-Қытай құбыр желісі» ЖШС, «ҚазГерМұнай» ЖШС, «МұнайТас» ЖШС және KMG Kashagan B. V. бірлескен кәсіпорындарынан 5.000 миллион теңге, 4.759 миллион теңге, 2.637 миллион теңге және 567 миллион АҚШ доллары (баламасы 266.118 миллион теңге) мөлшерінде дивидендтер алды, тиісінше, Каспий Құбыр Консорциумынан, қауымдасқан компаниядан 129 миллион АҚШ доллары мөлшерінде (баламасы 61.046 миллион теңге).

### Сатып алу

2022 жылғы шілдеде Компания «Petrosun» ЖШС-тегі қатысу үлесінің 49%-ын сатып алды, оның негізгі қызметі сұйытылған көмірсутекті газ бен мұнай өнімдерін өткізу болып табылады. Жүргізілген талдау нәтижесінде Топ «Petrosun» ЖШС-ті бірлескен кәсіпорын ретінде таныды және 28 ХҚЕС-ке сәйкес үлестік қатысу әдісін қолдана отырып, «Petrosun» ЖШС-не салынған инвестицияны ескереді.

### «Қашаған» кен орнындағы оқиға

2022 жылғы 3 тамызда «Қашаған» кен орнында (Солтүстік Каспий жобасы) газды алдын ала іріктеу қондырғысынан ағып кету анықталды. Осыған байланысты өндіру толығымен тоқтатылды. 10 тамыздан бастап өндіру жұмыстары ішінара жаңартылды. NCOC, жобаның оператор компаниясы, оқиғаның салдарын бағалау және қалпына келтіру бойынша жөндеу жұмыстарын жүргізеді.